

**Хромтау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 18 қаулысы

**Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңының 21-1 бабына сәйкес Хромтау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәкес Хромтау ауданы әкімдігінің **кейбір** қаулыларының күші жойылды деп тану туралы.

2. Осы қаулының көшірмелері мүдделі органдарға жолдансын.

Аудан әкімі

А.Усманғалиев

Хромтау ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы "26" қаңтардағы  
№ 18 қаулысына қосымша

**"Хромтау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулылардың тізбесі**

№	Қаулы №	Қабылдаған күні	Қаулының атауы
1	217	10.07.2015ж	"Хромтау қаласының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар белгілеу туралы" (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 шілдеде № 4440 ) болып тіркелді
2	89	18.03.2015ж	"2015 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 наурызда № 4265) болып тіркелді
3	263	24.08.2015ж	"Хромтау ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қыркүйекте № 4520 болып тіркелді